

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемені орындау кепілдігінің үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 маусымда № 17058 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 56-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемені орындау кепілдігінің үлгілік нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды

;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкінің төрағасы

_____ Д. Ақышев

2018 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің 2018 жылғы
24 мамырдағы № 387
бұйрығымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемені орындау кепілдігінің үлгілік нысаны

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____, (заңды тұлғаның
толық атауы)

заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлға _____

_____, (Қазақстан Республикасы/мекеме елі (шетелдік заңды тұлға үшін),

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және Қазақстан Республикасындағы шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары/өкілдіктері үшін)

банк қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия негізінде банк қызметін жүзеге асыру (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі немесе шетелдік банк беретін кепілдік үшін) № _____ бастап _____ берілген жылдың _____, (лицензияның нөмірі мен күні, лицензияны берген мемлекеттік органның атауы),

жеке кредиттік рейтингі бар (акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсетін ұйым беретін кепілдік үшін) _____, (Standard & Poor 's агенттігі берген жеке рейтинг, Moody' s Investors Service немесе Fitch құзыретті орган айқындаған рейтингтен төмен емес)

орналасқан орны, мекенжайы:

_____, (пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

(бұдан әрі - Кепілгер) атынан _____

_____, (лауазымы және аты, тегі және әкесінің аты (бар болса) толық)

негізінде әрекет ететін _____

_____, (жарғы немесе басқа құрылтай құжаты, сенімхат, күні мен нөмірі)

осы кепілдік (бұдан әрі – Кепілдік) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес оның атынан жер қойнауын пайдалану құқығын беретін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының пайдасына қайтарып алынбайтын және сөзсіз төлем міндеттемесін өзіне алады. _____ (жер

қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түріне қарай, тиісінше: қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды, қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды, кен іздеушілікті көрсету қажет)

(бұдан әрі - Бенефициар) міндеттемелерді тиісінше орындауды қамтамасыз ету

_____ (толық тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), азаматтығы, туған күні, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) немесе жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) иесі немесе барлауға лицензия беруге өтініш беруші болып табылатын заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), Кодекстің 188-бабында көзделген пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама алған тұлғаларға беріледі. Жер қойнауын пайдалану құқығын жалпы иеленген немесе қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия алуға бірлескен өтініш берілген жағдайда, барлық меншік иелерін/өтініш берушілерді атап өту қажет.)

(бұдан әрі – Өтініш беруші) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою

_____ (қолданыстағы жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия үшін "берілген" деп көрсетілсін, пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беру кезінде "берілген" деп көрсетілсін")

бойынша жер қойнауы учаскесінде _____

_____ (пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған қолданыстағы лицензия үшін оның лицензия нөмірі мен берілген күні көрсетілсін; пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беру кезінде "блок (блоктар) бойынша берілетін пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензиялар:" және пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы құзыретті органның хабарламасына сәйкес блоктың коды (блоктардың кодтары) көрсетілсін)

(бұдан әрі – Лицензия) бенефициардың бірінші жазбаша талабы (бұдан әрі -Талап) бойынша жиынтығында мыналардан аспайтын кез келген соманы _____ теңге (Кодекске сәйкес есептелген қамтамасыз етудің жалпы сомасы шегінде жазумен сомасы) (бұдан әрі – Кепілдік сомасы):

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. осы Кепілде, егер өзге тікелей көзделмесе, сөз бен айтылуы Қазақстан Республикасының Кодексімен және азаматтық заңнамасымен көзделген мағынасы бар.

2. осы Кепіл Бенефициардың талабы негізінде ғана орындауға жатады, оның ішінде көрсетілуі тиіс:

1) лицензия, осы Кепілмен қамтамасыз етуді орындайтын, жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелері туындау негізінде;

2) _____

_____ сәйкес Өтініш беруші лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындамағанын немесе тиісінше орындамағанын көрсету;

(Кодекстің ережесінің тармағы мен бабын көрсету (сондай-ақ жою жоспарының тармағы- (кең таралған) пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия және тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия үшін), оған сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеме белгіленген мерзімде орындалуға тиіс);

3) Кепіл сомасы шегінде, төлемге жататын соманы жазбаша жазу;

4) талап етілетін сома төленетін Қазақстан Республикасының қазынашылық органындағы Бенефициардың есебі;

5) Талаптағы бланкте белгіленген үлгіде Бенефициар хатының күні мен нөмірі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті тұлғаның лауазымы, толық аты, тегі және әкесінің аты (бар болған жағдайда), Бенефициарды ұсыну, оның қолы және Бенефициар мөрінің баспа- таңбасы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бенефициар Кепіл сомасы шегінде осы Кепіл бойынша бір немесе бірнеше Талаптарды жіберуге құқылы.

4. Кепілгер Бенефициардың талаптарына қарсылық білдіруге құқығы жоқ.

5. Осы Кепіл бойынша Бенефициардың талабы Кепілгердің орналасқан орны бойынша пошта немесе жеке тапсыру қажет.

6. Кепілгердің осы Кепілдік бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамауы мерзімі өткен әрбір күн үшін талап шеңберінде төленбеген соманың 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кепілгер осымен Кепілгер мен Өтініш беруші немесе үшінші тұлға арасындағы кез келген келісім Кепілгерді осы Кепілдік бойынша міндеттемелерден босатпайтындығына келіседі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Кепіл бойынша Кепілгердің міндеттемесі Бенефициар алдында Кепіл сомасымен шектеледі.

9. Осы Кепіл Қазақстан Республикасының заңнамасына және талап бойынша кепілдер үшін біріздендірілген қағидаларына бағынады ("UniformRulesforDemandGuarantees") 758 (МТП № 758 жариялым, редакция 2010).

10. Осы Кепіл Кепілгер берген күннен бастап қолданылады және мынадай оқиғалардан бұрын келіп түскен кезінен қолданысы тоқтатылады:

1) Өтініш беруші Кепілгерге осы Кепілді орындауды қамтамасыз еткен, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің тоқтатылғаны туралы куәландыратын және Кодекске сәйкес ресімделген және қол қойылған жою актісінің немесе зерттеу актісінің түпнұсқасын ұсыну;

2) егер көрсетілген мерзімде Бенефициар Кепілгерге Талаптарды ұсынбаса, осы Кепілді қамтамасыз еткен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеме жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес бір жыл өткен күннен бастап тиісінше орындалуы тиіс;

3) Лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы үшінші тұлғаға өткен жағдайда, егер мұндай тұлға Кодекске сәйкес бенефициарға лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынған болса, бенефициардың қол қойылған кепілдік бойынша міндеттемелерден босату туралы өтінішін Кепілгерге ұсыну;

4) мемлекеттік органның Лицензия беруден бас тартуы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Осы Кепіл бойынша жүргізілетін барлық төлемдер, тиісті Талаптарда көрсетілген есептерде жүзеге асыру қажет. Кепілгердің міндеттемесі осы Кепілде көзделген, Бенефициардың талаптарында көрсетілген Қазақстан Республикасының қазынашылық органдардағы тиісті Бенефициардың есебіне толық көлемде ақшаны есептеу кезінен бастап орындалды деп есептеледі.

12. Кепіл сомасы Бенефициардың келісімімен ғана азаюы мүмкін.

Кепіл сомасы Бенефициардың келісімінсіз Кепілгермен, ұлғайтылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Кепілгер осы туралы Бенефициарды дереу хабардар етеді.

Өтініш беруші туралы мәліметтер өзгерген жағдайда Кепілгер Бенефициардың келісімімен өзгертілуі мүмкін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Осы Кепілдік _____ ("толық" немесе "ішінара" деп көрсету қажет. Егер кепілдік Кодекске сәйкес қалыптастырылған қамтамасыз етудің барлық сомасын өтейтін қамтамасыз етудің жалғыз тәсілі болып табылса, "толық" деп көрсету қажет. Өзге жағдайларда "ішінара" көрсету қажет) Лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету сомасын жабады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Осы Кепілге байланысты, Кепілгер мен Бенефициар арасындағы барлық даулар Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес реттеуге жатады.

15. Осымен Кепілгер, төменде қол қоюшылар Кепілгер атынан осы Кепілге қол қоюға толық құқығы бар екендігін растайды.

16. Осы Кепілдік қазақ және орыс тілдерінде (шетелдік заңды тұлға кепілдік берген жағдайда өзге тілді көрсету) үш түпнұсқа данада, Бенефициар және Өтініш беруші үшін бір-бір данадан берілді және осы Кепілдіктің бір данасы Кепілгерде сақталады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескертпе:

Шет тілінде жасалған Кепілдік дұрыстығын нотариаттық куәландыруға жататын қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады.

Ескерту. Ескертпе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК